

Қапшағай су қоймасының жағалауын казино мен ойын автоматтары залдарын орналастыратын аумақ ретінде белгілеу туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 223 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 21 қаңтарда N 2043 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысының Қапшағай су қоймасының жағалауы казино мен ойын автоматтарының залдарын орналастыру аумағы болып белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А. Б а т а л о в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Үмбетов